



# КИМЭП БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ТЫҢДАУШЫ РЕТІНДЕ ОҚУҒА ТҮСУ (МАГИСТРАТУРА ДЕҢГЕЙІНДЕ)

+7 727 270 42 13/+7 707 170 42 13/gao@kimep.kz/www.kimep.kz  
Facebook/Instagram: KIMEP/KIMEP\_University

Тыңдаушы – КИМЭП-те пәндерді тыңдауға мүдделілік танытқан 21 жастан асқан адамдардың барлығына ұсынылатын дәреже тағайындаусыз оқу нұсқасы. Тыңдаушы студент мәртебесіне ие бола отырып, ол ағымдағы және қорытынды бағаларды немесе академиялық кредиттерді алмай пәнді тыңдауына болады. Тыңдаушы студент мәртебесінде оқу үшін 1 кредит құны MBA бағдарламасындағы 1 кредит құнының 50%-ын құрайды.

КИМЭП Университеті қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі немесе осы тілдерге куәландырылған аудармасымен түлектердің құжаттарын қабылдайды.

## 1-ҚАДАМ. ОНЛАЙН ӨТІНІШ БЕРУ

**Талапкер Порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қолжетімді**

1. Талапкер Порталында онлайн сауалнаманы толтыру: <https://www.kimep.kz/ext/application/online/ru-RU/>
2. Порталға сканерленген жеке куәліктің (Қазақстан азаматтары үшін) немесе төлқұжаттың (шетелдік азаматтар үшін) көшірмесін жүктеу
3. Сандық фото  
Өзіңіздің сандық фотосуретіңізді нақ «Фото» өрісіне жүктеу өте маңызды, өйткені КИМЭП-тің барлық департаменттері сіздің тұлғаңызды сәйкестендіру үшін осы жердегі сіздің фотоңызды пайдаланатын болады. Ажыратымдылығы 300 ррі (дюймға пиксель), өлшемі 8 МП-ден (мегапиксель) кем емес, төмен сығылыммен (жоғары сапа) JPEG форматындағы сандық фотосурет.

### Шетелдік азаматтарға қойылатын талаптар:

4. Пәндер үшін төлеуге жеткілікті соманың бар болғанын растайтын банк шотынан үзіндінің көшірмесін жүктеу (этникалық қазақтарға қатысты емес)
5. Сотталмағандығы туралы анықтама

## 2-ҚАДАМ. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ БІЛУ ЖӘНЕ БІЛІМДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНА ҚОЛ ҚОЮ

1. Электрондық пошта КИМЭП Университетінің талапкермен ресми байланыс арнасы болып табылғандықтан онлайн өтініште көрсетілген электрондық пошта тыңдаушы қатарына қабылдау кезінде жарамды болуы тиіс.
2. КИМЭП Университетіне қабылдау туралы хабарлама Сіздің электрондық поштаңызға жіберілетін болады және Талапкер Порталындағы «Acceptance Package» секциясына орналастырылады.
3. Білімдік қызмет көрсету шарты да Сіздің Талапкер Порталындағы «Acceptance Package» секциясына орналастырылатын болады. Өзіңіз басып шығарып, қолыңызды қойған шарттың екі көшірмесін сканерленген түрде талапкер порталына жүктеуіңіз керек.

## 3-ҚАДАМ ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

Бағдарламаға түскеннен кейін сабақтарға рұқсат алу үшін келесілерді жасау керек:

1. Оқу төлемақысын төлеу (студент алдағы семестрде меңгергісі келетін әрбір пән үшін 100% алдын ала төлем жасау);
2. Пәндерге тіркелу Студент Порталында он-лайн режимінде жүргізіледі: <https://my.kimep.kz/>

Сабақ кестесін құрастыру, құнын есептеу және пәндерге тіркелу мәселелері бойынша бағдарлама үйлестірушілеріне хабарласу қажет:

Бағдарлама	Бағдарлама үйлестірушісі
MBA – Іскерлік әкімшілдік магистрі MFIN-Қаржы саласындағы магистратура MMKT-Маркетинг саласындағы магистратура MMGT – Менеджмент саласындағы магистратура MACTA - Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы магистратура	Ләззатт Ташанова, офис № 302-1 (Достық ғимараты), +7 727 2704440 ішкі нөмірі.2356, bcb-graduate@kimep.kz
MPA – Мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы магистратура MAE Экономика магистратурасы MIR – Халықаралық қатынастар саласындағы магистратура MAIJ – Халықаралық журналистика магистратурасы	Камила Мусина, Офис № 507 (Уәлиханов ғимараты), +7 727 2704212 ішкі нөмірі.3266, css_coordinator@kimep.kz
MAFL «Шетел тілі: Екі шетел тілі» магистратурасы MEPM – Білім беру саясаты және менеджмент магистратурасы	Мағанат Шегебаев, Офис № 225 (Достық ғимараты), +7 727 2704367 ішкі нөмірі 2137, magas@kimep.kz
LLM – Халықаралық құқық саласындағы магистратура	Лаура Камыспаева, Офис № 120 (Жаңа академиялық ғимарат), +7 727 2717272 ішкі нөмірі 2727, lawcoord@kimep.kz
ExMBA – Басқарушы кадрларға арналған іскерлік әкімшілдік магистрі	Бакытгуль Тундикбаева, офис №317, Уалиханов ғимараты, Bakytgul@kimep.kz Самал Джазыкбаева, офис №233, Уалиханов ғимараты, ұялы ном.+7 777 002 19 16, jsamal@kimep.kz

#### 4-ҚАДАМ: КИМЭП МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫНА ҚҰЖАТТАР ТАПСЫРУ

- 1) 075-у үлгідегі дәрігерлік анықтама немесе шетелдік азаматтар үшін оның баламасы. КИМЭП Медициналық орталығы медициналық анықтаманың баламасының нотариалды расталған аудармасын талап етуі мүмкін, сондықтан шетелдік студенттерге медициналық тексерістен Алматыға келгеннен кейін өтуге кеңес береміз. Анықтамада терапевт, хирург, невропатолог, окулист, отоларинголог қорытындылары мен микрореакция тестінің қорытындысы, сонымен қатар екі дәрігердің қолы мен екі дәрігерлік мөрі бар флюорографиялық түсірілімнің түпнұсқасы (мерзімі 6 айдан аспаған анықтама ғана жарамды).
- 2) Егу картасының көшірмесі (32 жасқа толмаған тұлғалар ғана үшін)

**Медицина орталығы:** тел. +7 (727) 237 48 05 (ішкі нөмірі 1324/1325), электрондық пошта: med.center@kimep.kz

Құжаттар түпнұсқаларын пәндерге тіркелу мерзімі аяқталмай тұрып сканерленген түрінде талапкер порталына жүктеуге немесе курьерлік пошта қызметін пайдаланып келесі мекен-жайға жіберу қажет: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 4, 103, 103А, 107 офистері – Қабылдау комиссиясы